



Автор: Газизуллина Гульмира

Бағдарлама тарауы: Ересек топ

Жас тобы: Жаратылыстану

Білім беру саласы: Ғажайыптар әлемінде

ҰОҚ тақырыбы: Зертханаға саяхат

| | |
|-----------------------|---|
| ҰОҚ мақсаты: | Қарапайым тәжірибелерді бақылап, жасай алады. |
| Сөздік жұмыс: | Зертхана, магнит |
| Рефлексия | |
| Әдіс-тәсілдер: | Арнайы жабдықталған орта «Зертхана», АКТ-Триггер, ашық және жабық сұрақтар, саралау, Педагог жетекшілігімен ойын-тәжірибелер, ширату, «Екі жұлдыз, бір тілек»-мадақтау, уәждеу. |
| Құрал-жабдықтар: | |
| АКТ ресурсының атауы: | |
| Пәнаралық байланыс: | |
| Алдын-ала жұмыс: | |

ҰОҚ барысы

| ҰОҚ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|--------------------|--|-----------|
| ҰОҚ кіріспе бөлімі | <p>Ұялы телефонның әуенді дыбысы естіледі. Жас зерттеуші Данабек бейнеқоңырау арқылы балаларды өзінің зертханасына саяхатқа шақырады.</p> <p>Педагог балаларға ашық, жабық сұрақтар қойып олардың зертхана туралы не білетіндерін сұрайды. 1) Балалар сендер зертхана дегенді білесіңдерме? 2) Оны қайдан көрдіңдер? 3) Зертханада не жасады? 4) Зертханадан не көрдіңдер, қандай құралдар бар? 5) Тәжірибені үлкендердің қадағалауынсыз өзіміз жасауға бола ма? 6) Біз өзіміз топта бұрын қандай қарапайым тәжірибелер жасадық, еске түсірейікші. 7) Сендерге ол тәжірибелер қызықты болды ма? 8) Тәжірибені үлкендердің қадағалауынсыз өзіміз жасауға бола ма? 9) Тәжірибе жасағанда қандай ережені есте сақтауымыз керек? Ережені қайталап айтады: Тәжірибе жасағанда тыныштық сақтау керек. Тәжірибе жасау кезінде үлкендердің рұхсатынсыз құралдарды қозғамау керек. Құралдарды аузымызға салуға болмайды. Балаларға Данабекпен бірге қызықты тәжірибе жасауға зертханаға саяхатқа баруға ұсынысын білдіреді. Балалар қатармен жүріп көңілді әуен ырғағымен Зертханаға келеді. Данабек балалармен амандасып оларға қораптан суреттер тандап алуды ұсынады, Пішіндер ілінген суреттері бар орынға отыруды ұсынды</p> | |

| ҰОҚ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|----------------------|---|-----------|
| ҰОҚ негізгі бөлімі | <p>Педогог АКТқолданып, триггер арқылы бүгінгі тәжірибенің немен жасалатынын анықтайды. Слайдта 3 түрлі пішіндер Бұл ғажайып пішіндер екенін, әр пішіннің артында жұмбақтың шешуі, суреттер жасырынып тұрғанын, оны табу үшін жұмбақтың жауабын табуы керектігін айтады</p> <p>1) Шеңбердің жұмбағы: Қаламмен жазар бетіме Қажетпін мен әр күнде. (Қағаз)</p> <p>2) Үшбұрыштың жұмбағы: Тесік ыдыста тұрмайды, Ол жоқта жер құрғайды (Су)</p> <p>3) Төртбұрыштың жұмбағы: Бір зат бар, өзі тастай қатты Жақындаса тартады, темір затты (Магнит)</p> <p>Данабек балаларды қызықты тәжірибелер жасауға шақырады.</p> <p>1) «Шеңбер» тобы: Педогог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Сыйқырлы гүл» Педогог бүктелген қағаздың суға салғанда гүл боп ашылуына не әсер еткенін байқағанын сұрайды.</p> <p>2) «Үшбұрыш» тобы. Магнитпен тәжірибе: Педогог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қанқызының гүлзардағы саяхаты» Магнитті әртүрлі материалдарға тигізіп қарауды ұсынады, Балалардан не байқағанын сұрайды.</p> <p>3) «Төртбұрыш» тобы. Еркін ойын: «Көңілді балықшылар» Ширату: «Көңіл-күй» . (Bilimland.kids) Әуенді ширату ұйымдастырады.</p> | |
| ҰОҚ қорытындысы | <p>Кері байланыс. Сұрақтар арқылы тәжірибелердің себеп-салдарын, байланыстарын қорытындылайды. Мадақтау, уәждеу Педогог пен Данабек балаларды мадақтап, оларға өзінің ризашылығын білдіреді, мадақтау сөзі жазылған («Зерек», «Сен ерекшесің», «Дана бала», «Білімпаз», «Озат», «Ақылды», «Жас зерттеуші» т.б) смайликтермен марапаттайды.</p> | |
| Күтілетін нәтижелер: | <p>Нені білуі керек? қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылық танытады;</p> <p>Нені игереді? қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатады.</p> <p>Нені біледі? материалды ескере отырып, заттар мен нысандарды тани алады;</p> | |